

Scientific article
IRSTI 13.61.07



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-282-296>

THE UNDERGROUND MOSQUES OF MANGYSTAU AS SPATIAL NODES OF CULTURAL MEMORY

^a Nabat ARASHOVA , ^a Kuralay YERMAGAMBETOVA ✉

^a L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

✉ quralai.sergabylyzy@mail.ru

Abstract. The cultural landscape of Mangystau is a complex interweaving of natural forms, sacred architecture, mythological narratives and sustainable pilgrimage practices. A special place in this space is occupied by underground mosques such as Bekt ata, Shopan ata, and Shakpak ata, which serve not only as religious sites, but also as key nodes of cultural memory. The article offers a culturalological understanding of these sacred spaces through the combination of classical theories of the cultural landscape (K. Sauer), the anthropology of movement and the «ritual world» (T. Ingold), the «spirit of place» (K. Norberg-Schultz), the theory of habitus (P. Bourdieu), the concepts of collective and cultural memory (M. Halbwachs, J. Assman), as well as the concept of «places of memory» by P.Nor.

Along with this, the Kazakh research tradition is used, in which sacred places are interpreted as «steppe memory» (F. Musataeva), «memory practices» of modern society (K. Medeuova), as well as a part of the mythogeographic body of Mangystau, reconstructed in the works of Serikbol Kondybay. Through a comparison of philosophical, anthropological and mythological models, the article reveals that underground mosques are spaces where memory is not only stored, but also produced through rituals, bodily practices, movement, narratives and visual images that arise in the experience of pilgrims.

The research methodology includes hermeneutic and conceptual analysis, philosophical reconstruction, cultural and landscape approach and elements of comparative analysis. The empirical base is made up of pilgrimage descriptions, S. Kondybay texts, materials from the Sacred Kazakhstan project, UNESCO documents, and field observation data.

The results of the analysis show that the underground mosques of Mangystau form a multi-layered network of memory nodes, which combines ancestral identity, sacred geography, collective forms of memory, practices of commemoration and state strategies for the sacralization of space. In the cultural dimension, underground mosques become sites where the rethinking of the past and the formation of modern models of national identity take place.

Keywords: Mangystau; landscape of memory; cultural landscape; sacred places; historical memory; collective memory; places of memory; spirit of place.

For citation:

Arashova, N. Yermagambetova, K. (2026). The underground mosques of Mangystau as spatial nodes of cultural memory. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 282-296. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-282-296>.

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ЖЕРАСТЫ МЕШІТТЕРІ МӘДЕНИ ЖАД ТҮЙІНІ РЕТІНДЕ

^аНабат АРАШОВА, ^аКуралай ЕРМАГАМБЕТОВА

^аЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

ПОДЗЕМНЫЕ МЕЧЕТИ МАНГЫСТАУ КАК УЗЛЫ КУЛЬТУРНОЙ ПАМЯТИ

^аНабат АРАШОВА, ^аКуралай ЕРМАГАМБЕТОВА

^аЕвразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аңдатпа. Маңғыстаудың мәдени ландшафттары – табиғи нысандар, сакралды сәулет ескерткіштері, мифологиялық нарративтер мен тұрақты зияратшылық тәжірибелердің күрделі тоғысын білдіреді. Бұл кеңістікте Бекет ата, Шопан ата, Шақпақ ата жерасты мешіттері ерекше орын алады және олар тек діни ғибадат орны ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени жадының негізгі түйіндері қызметін атқаратын киелі орталықтар ретінде танылады. Мақалада мәдени ландшафттың классикалық теориялары (К. Зауэр), қозғалыс антропологиясы мен «ритуалдық әлем» тұжырымдамалары (Т. Ингольд), «орын рухы» (К. Норберг-Шульц) және габитус (П. Бурдьё), ұжымдық және мәдени жады теориялары (М. Хальбвакс, Я. Ассман), сондай-ақ «естелік орындары» концепциялары (П. Нора) сабақтастыра қарастырылады.

Сонымен қатар зерттеуде киелі орындар «дала жады» ретінде (Ф. Мусатаева), қазіргі қоғамдағы «жады тәжірибелері» ретінде (К. Медеуова), сондай-ақ С. Қондыбай еңбектерінде реконструкцияланған Маңғыстаудың мифогеографиялық денесінің құрамдас бөлігі ретінде түсіндірілетін қазақстандық зерттеу дәстүрі де басшылыққа алынды. Философиялық, антропологиялық және мифологиялық модельдерді салыстырмалы талдау арқылы мақалада жерасты мешіттерінің тек жады сақталатын кеңістік емес, сонымен қатар салт-жоралғылар, қозғалыс үдерісі, нарративтер мен зияратшылар тәжірибесінде туындайтын визуалды бейнелер арқылы қайта өндірілетін кеңістік екендігі айқындалады.

Зерттеу әдіснамасы герменевтикалық және концептуалдық талдауды, философиялық реконструкцияны, мәдени ландшафттық тәсілді және салыстырмалы талдау элементтерін

Аннотация. Культурный ландшафт Мангистау представляет собой сложное переплетение природных форм, сакральной архитектуры, мифологических нарративов и устойчивых паломнических практик. Особое место в этом пространстве занимают подземные мечети – такие как Бекет-ата, Шопан-ата, Шақпақ-ата, которые выполняют функции не только религиозных объектов, но и ключевых узлов культурной памяти. В статье предлагается культурологическое осмысление этих сакральных пространств через объединение классических теорий культурного ландшафта (К. Зауэр), антропологии движения и «ритуальный мир» (Т. Ингольд), «дух места» (К. Норберг-Шульц), теории габитуса (П. Бурдьё), концептов коллективной и культурной памяти (М. Хальбвакс, Я. Ассман), а также концепции «мест памяти» П. Нора.

Наряду с этим используется казахстанская исследовательская традиция, в которой сакральные места интерпретируются как «степная память» (Ф. Мусатаева), «практика памяти» современного общества (К. Медеуова), а также как часть мифогеографического тела Мангистау, реконструированного в трудах Серікбола Қондыбая. Через сопоставление философских, антропологических и мифологических моделей статья выявляет, что подземные мечети являются пространствами, где память не только хранится, но и производится через ритуалы, телесные практики, движение, нарративы и визуальные образы, возникающие в опыте паломников.

Методология исследования включает герменевтический и концептуальный анализ, философскую реконструкцию, культурно-ландшафтный подход и элементы сравнительного анализа. Эмпирическую базу составляют па-

қамтиды. Эмпирикалық базаны зияраттық сипаттамалар, С. Қондыбай еңбектері, «Қасиетті Қазақстан» жобасының материалдары, ЮНЕСКО құжаттары және далалық зерттеу деректері құрайды.

Талдау нәтижелері Маңғыстаудың жерасты мешіттері рулық бірегейлік, киелі география, ұжымдық жады формалары, коммеморация тәжірибелері және кеңістікті сакрализациялаудың мемлекеттік стратегиялары тоғысатын көпқабатты жады тораптарының желісін қалыптастыратынын көрсетеді. Мәдениеттанулық өлшемде жерасты мешіттері өткенді қайта пайымдау және ұлттық бірегейліктің заманауи үлгілерін қалыптастыратын алаң ретінде көрініс табады.

Түйін сөздер: Маңғыстау; жады ландшафты; мәдени ландшафт; киелі орындар; тарихи жады; ұжымдық жады; естелік орындары; орын рухы.

ломнические описания, тексты С. Қондыбая, материалы проекта «Сакральный Казахстан», документы ЮНЕСКО и данные полевых наблюдений.

Результаты анализа показывают, что подземные мечети Маңғыстау формируют многослойную сеть узлов памяти, в которой соединяются родовая идентичность, сакральная география, коллективные формы воспоминания, практики коммеморации и государственные стратегии сакрализации пространства. В культурологическом измерении подземные мечети становятся площадками, где происходит переосмысление прошлого и формирование современных моделей национальной идентичности.

Ключевые слова: Мангистау; ландшафт памяти; культурный ландшафт; сакральные места; историческая память; коллективная память; места памяти; дух места.

Дәйек сөз үшін:

Арашова, Н. Ермагамбетова, К. (2026). Маңғыстаудың жерасты мешіттері мәдени жад түйіні ретінде. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 282-296. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-282-296>.

Кіріспе

Маңғыстауды зерттеушілер мен жергілікті тұрғындар «ашық аспан астындағы мұражай» деген метафораны қолданады. Оның табиғи кеңістігі, яғни Үстірт шыңы, тас аңғарлар, сорлы алқаптар мен Каспий маңы қыраттары, табиғи пішіндер мен адам тәжірибесі тығыз өрілген бірегей мәдени матрица түзеді. Сол матрицаның ең жарқын құбылыстарының бірі – жерасты және жартастағы мешіттер. Жартастың қалың қабатына ойылып жасалған киелі нысандар әулеттік некропольдер жүйесіне кіріге отырып, ғасырлар бойы дұға, оңашалану, тәлім алу, медитация және ұрпақ жадының сақталу орындарына айналды.

Жерасты мешіттері көбіне сәулеттік және археологиялық ескерткіш немесе діни туризм нысаны ретінде зерттелгенімен, олардың мәдениеттанулық мәні мұндай функционалдық сипаттамадан әлдеқайда терең. Бұл кеңістіктер жады шоғырланған орындар. Мұнда өткен өмір тасқа қашалған, рәсімдер қозғалыспен астасқан, аңыздар ұжымдық бірегейлік бағдаршамына айналған. Дәл осы арада мифология, ғибадат, мәдени тәжірибе, тарих және мемлекеттік мұра саясаты өзара тоғысады.

Кеңестен кейінгі кезеңде Маңғыстаудың киелі орындары жадтың қайта оралу кеңістігіне айналды, зияратшылар саны артты, әулеттік тарихқа қызығушылық күшейді, ғылыми жобалар мен мәдени реконструкциялар пайда болды. 2010 жылдардың ортасынан бастап бұл нысандар бірнеше үдерістің тоғысында тұр. Біріншіден, елдің «қасиет-

ті орындарының» тізімін жасап, ұлттық киелі жерлер картасын қалыптастыруды мақсат еткен «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» (Байтанаев, 2017) ұлттық жобасы жүзеге аса бастады. Екіншіден, 2021 жылы «Rocky Mosques of Mangystau Peninsula» кешені ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасының (UNESCO, 2021) алдын ала тізіміне енгізілді, ал 2025 жылдан бастап оның келесі кезеңге ілгерілету мәселесі белсенді талқылануда.

Зерттеудің мақсаты Маңғыстаудың жерасты мешіттерін киелі нысандар ретінде ғана емес, табиғи пішіндер, мәдени тәжірибелер мен нышандық мағыналар түйісетін кеңістік жад түйіні ретінде көрсету. Осы түйіннен өңірлік қайталанбас мәдени ландшафтының тұтас бейнесі қалыптасады. Осыған байланысты Маңғыстаудың киелі орындарын талдаудың негізінде мәдени ландшафттың классикалық теорияларын, кеңістік пен қозғалыс антропологиясының, мәдени тәжірибелер теориясын, орын рухын, ұжымдық және мәдени жады тұжырымдамаларын, сондай-ақ қазақстандық «дала жады», жады тәжірибелері және Маңғыстаудың мифогеографиясы сияқты идеяларды біріктіретін теориялық синтез жатыр. Мұндай теориялық біріктіру жерасты мешіттерін тұрақты ескерткіш немесе діни туризм нысаны ретінде ғана емес, қозғалыс, ритуал, мифология, әлеуметтік байланыстар және мемлекеттік жады саясатының құралдары ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Мақалада жерасты мешіттеріне қатып қалған ескерткіш немесе туристік нысан ретінде қараудан бас тартамыз. Біздің міндетіміз оларды көне әулеттік аңыздар, күнделікті мәдени тәжірибе, ғибадаттар, рәсімдер мен заманауи мемлекеттік идеология тоғысқан жанды құбылыс ретінде қарастырамыз. Осы көпқырлылықты ұғу үшін пәнаралық әдіснамалық құралдар жиынтығын қолдандық. Өйткені Маңғыстаудың жерасты мешіттері бір мезетте бірнеше өлшемде қызмет етеді: діни киелі орын, ерекше сәулет туындысы, әулеттік мемориал және қазіргі туристік инфрақұрылымның элементі ретінде.

Зерттеудің өзегінде Маңғыстаудың киелі орындарын мағынаға толы күрделі мәтін ретінде түсіну мүмкіндігін беретін герменевтикалық әдіс жатыр. Я. Ассманның «мәдени жад» (Ассман, 2011), П. Нораның «жад орны» (Нора, 1999) тұжырымдамалары географиялық нүктелердің неге ұлттық бірегейліктің «жад түйіндеріне» айналғанын түсіндіруге көмектеседі. П. Бурдьенің «габитус» (Бурдье, 2001) тұжырымдамасына сүйене отырып, жерасты ғибадатханасының сәулетін, аласа күмбездер, тар өткелдер зияратшылардың дене қимылын қалай бағыттап, әрбір қозғалысты терең иман актісіне айналдыратынын көрсетуге тырысамыз. Т. Ингольдтің «рәсімдер әлемі» (Ingold, 2017) және «елес ландшафтар» (Janowski, Ingold, 2016) тұжырымдамалары Маңғыстау ландшафтына мәңгілік әрекет рәсімдері мен қозғалыстың жанды кеңістігі ретінде түсінуге мүмкіндік берді. Бұл тұрғыдан мешіттер көне көш жолдарының және адам тағдырының көзге көрінбейтін жіптері біріктіреді.

Концептуалдық талдау «мәдени ландшафт» (Зауэр, 1925), «мифогеография» (Қондыбай, 2008), «орын рухы» (Schulz, 1980), «идеологиялық жад» (Мусатаева, 2022) және басқа теориялық тоғыстарды айқындау үшін қолданылды.

Табиғи пішіндер мен мәдени үдерістердің өзара ықпалына назар аударатын мәдени ландшафттық әдіс маңызды компоненттердің бірі болып табылады. Бұл әдіс табиғи ре-

льефтің жерасты мешіттерінің сәулет пішінін қалай айқындайтынын және киелі ғибадат пен рәсімдердің қалыптасуына қалай әсер ететінін талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, аңыздарға, құпиялар туралы әңгімелерге, әулеттік тарихтарға және зияратшылардың жазбаларына қолданылатын наративтік талдау пайдаланылады. Бұл әдіс жадтың нышандық құрылымдарының қалай жасалып, қалай қайта өндіретінін ашып көрсетеді.

Негізгі дереккөздерге табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі мен сипаттамасы жасалған «Қазақстанның киелі жерлер географиясы», ЮНЕСКО-ның Маңғыстау жерасты мешіттері бойынша құжаты, С. Қондыбайдың Маңғыстау өңірі туралы мифологиялық және этнографиялық зерттеулері жатады.

Әдебиеттік шолу

Маңғыстаудың киелі орындар кеңістігін мәдени ландшафт контекстінде зерттеу үшін концептуалды талдау әдісін қолдану қажет болды, сол себепті классикалық авторлардың теориялары мен тұжырымдамаларын қолдандық. Мәдени ландшафты Маңғыстаудың киелі жерлер тұрғысында түсіну үшін К. Зауэрдің (Зауэр, 1925) тұжырымына сүйендік. Ол ландшафтты табиғи пішіндер мен мәдени үдерістердің тарихи-мәдени қалыптасқан тұтас комбинациясы ретінде түсіндірген. Зауэрдің тұжырымдамасы кеңістік ешқашан бейтарап болмайтынын көрсетеді, яғни тарихи-мәдени артефакті, жиналған әрекеттер мен мағыналардың нәтижесі, жартасты массивтерге ойылып жасалған және некропольдер жүйесіне жалғанған жерасты мешіттері дәл осындай көпқабаттылықты бейнелейді. Мұнда табиғи орта мәдени жадының медиаторына айналады.

Т. Ингольдтің ландшафтты «рәсімделген әлем» (Ingold, 2017) қозғалыс пен қатысу, яғни мәдени қатысу тәжірибесі арқылы жасалатын «әрекеттер кеңістігі» ретінде қарастыруды ұсынады. Оның адамдар кеңістікте «сызықтар салады» деген идеясы Маңғыстаудың зиярат жолдарымен тікелей байланысты. Шопан атадан Бекет атаға баратын жол жай ғана қашықтықты еңсеру емес, денені, кеңістікті және жадты байланыстыратын ғибадаттық тәжірибе.

П. Бурдьенің «габитус» және «нышандық өріс» (Бурдье, 2001) категориялары зияратшылардың тұрақты мінез-құлық модельдерін түсінуге мүмкіндік берді. Олар қай жерде және нені істеу керектігін қалай біледі? Қандай құрмет көрсету, құрбандық немесе тазарту формалары дұрыс деп қабылданады? Жас, мәртебе, әулеттік тиесілік немесе рухани тәжірибе кеңістікті қабылдауға қалай әсер етеді? деген сұрақтарға жауап беруге көмектеседі. Жерасты мешіттерге зиярат етудің тәжірибесі бір жағынан жазылған тәртіп болса, екінші жағынан, белгісіз бір рухпен сүйемелденетін мінез-құлық әрекеті болып табылады.

Киелі кеңістікті түсінуге К. Норберг-Шульцтің «орын рухы» (Schulz, 1980) тұжырымдамасы зерттеуге маңызды үлес қосты. Оның тұжырымдамасы жерасты мешіттерінде сәулет пішінімен бірге тереңдік, тыныштық, акустика, салқындық және жарық ойыны арқылы сезілетін «орын рухы» бар екенін көруге мүмкіндік береді.

Жад теориялары да талдаудың негізгі оптикасын ұсынады. М. Хальбвакс (Хальбвакс, 2007) жадты әлеуметтік құрылымдалған, топтар мен ұжымдық тәжірибелерге енгізілген құбылыс ретінде түсіндіріледі. Я. Ассман (Ассман, 2004) мәдени және коммуника-

тивтік жадты ажыратып, ғибадаттардың, рәсімдердің, мәтіндердің, нышандардың және киелі орындардың мағыналарды ұзақ мерзімді қайта өндірудегі рөлін атап көрсетеді.


Қазақстандық зерттеушілер де маңызды теориялық бағыт ұсынады Ф. Мусатаева (Мусатаева, 2022) киелі нысандарды «дала жадының» немесе «идеологиялық жадының» элементтері ретінде талдай отырып, табиғи кеңістік пен ұлттық өзіндік сана арасындағы байланысты ашады. К. Медеуова (Медеуова, 2017) қазіргі қазақстандық қоғамдағы жады тәжірибелерін зерттеп, олардың күнделікті рәсімдерде, ғибадаттарда, зияткерлік, қабір басын күту, шежіре айту сияқты әрекеттерде де қалыптасатынын көрсетеді.

Маңғыстауды түсіну үшін С. Қондыбайдың мифогеографиялық мұрасы (Қондыбай, 2006, 2008) ерекше орын алады. Ол өңірдің киелі нысандарын мифтер, топонимдер, нышандар және бағыттар арқылы байланысқан тұтас жүйе ретінде сипаттайды. Қондыбай жерасты мешіттері дүниелер арасындағы «порталдар», киелі географияның түйінді нүктелері ретінде түсіндіреді.

Осылайша, қарастырылған тұжырымдамалар жиынтығы Маңғыстаудың жерасты мешіттерін ландшафт, ғибадат, рәсім, қозғалыс және миф құрылымдарына тереңнен еңген көпқабатты жад түйіндері ретінде көруге мүмкіндік беретін теориялық негіз қалыптастырады.

Маңғыстау аспан астындағы мұражай

Қазіргі таңда Маңғыстау өңірінің аумағында әртүрлі уақытта мемлекеттік қорғауға ресми тіркелген 590 ескерткіштің 25-і – республикалық, 565-і жергілікті тізімге енгізілген. Бұдан өзге алдын ала есепке дайындалып жатқан 800 ескерткіш бар. Өлкедегі мемлекеттік есептегі ескерткіштердің ерекшелігі – олардың жартысынан көбі үлкен-кіші қорымдар, дербес сәулет ескерткіштерінің жиынтықтары. Мұның барлығына соңғы жылдары ғылыми-жөндеу жұмыстары жүргізілген (сурет-1).



Сурет 1. Маңғыстау облысында орналасқан республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің саны (590)

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған (Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 11 шілдедегі № 318-НҚ бұйрығы).

Маңғыстау өңірінің киелі кеңістіктерін жады ландшафты тұрғысынан талдау үшін олардың типологиялық, хронологиялық және институционалдық ерекшеліктерін жүйелеу маңызды. Осы мақсатта төменде Маңғыстау өңірінен енген (25) республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің типологиясы, қалыптасу кезеңі және құқықтық мәртебесі көрсетілген аналитикалық кесте ұсынылады (кесте 2).

Кесте 2. Маңғыстау өңіріндегі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімі

№	Тарих және мәдениет ескерткішінің атауы	Ескерткіштің түрі	Кезеңі
1	Бекет ата жерасты мешіті және Ескі Бейнеу қорымы	Ансамбльдер мен кешендер	XI-XIX ғғ.
2	Омар-Тұр кесенесі	Қала құрылысы және сәулет	1898 жыл
3	Оғланды жеріндегі Бекет ата жерасты мешіті	Қала құрылысы және сәулет	XVIII ғасыр
4	Қызылсу некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XVIII-XX ғғ.
5	Сенек некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XVII-XX ғғ.
6	Шопан ата жерасты мешіті	Ансамбльдер мен кешендер	X-XIX ғғ.
7	Қырғын некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XIX-XX ғғ.
8	Сисем ата некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XIII-XIX ғғ.
9	Уәли қорымы	Ансамбльдер мен кешендер	XI-XX ғғ.
10	Қарамола (Шытша, Төбеқұдық) некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XVIII-XIX ғғ.
11	Шақпақ ата жерасты мешіті, некрополі	Ансамбльдер мен кешен	IX-X ғғ., XIV-XIX ғғ.
12	Масат ата жерасты мешіті, некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	X-XIX ғғ.
13	Қапаш мешіті	Қала құрылысы және сәулет	1928 жыл
14	Ақүйік некрополі,	Ансамбльдер мен кешендер	XIX-XX ғғ.
15	Бекі қорымы	Ансамбльдер мен кешендер	XVIII-XIX ғғ.
16	Каратөбе некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XVIII-XX ғғ.
17	Қараман ата жерасты мешіті, некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XIII-XIX ғғ.
18	Қамысбай некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XV-XIX ғғ.
19	Бесінбай некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	XVII-XIX ғғ.
20	Тарас Шевченко мемориалдық кешені	Қала құрылысы және сәулет	1847-1857 жж.
21	Сұлтан-үпі жерасты мешіті, некрополі	Ансамбльдер мен кешендер	X - XIX ғғ.
22	Кетікқала қонысы	Археология	XIV ғасыр
23	Қызылқала қалашығы, Ақмыш сайы	Археология	X - XVII ғғ.
24	Көккүмбет күмбезтамы	Қала құрылысы және сәулет	XIV ғ, II ж
25	Қосқұдық керуен-сарайы	Археология	XIV ғасыр

Кесте 2-де келтірілген деректер Маңғыстау киелі кеңістігінің құрылымдық ерекшелігін көрсетіп, олардың басым бөлігі жерасты мешіттері мен некропольдерден тұратыны байқалады, бұл сакралды тәжірибелердің ұзақ тарихи сабақтастығын және кеңістіктің діни-рухани функциясының басымдығын айғақтайды. Сонымен қатар, ортағасырлық қалалар мен керуен-сарайлардың болуы Маңғыстаудың киелі ландшафты тек діни тәжірибелермен ғана емес, сауда, көші-қон және мәдени коммуникациялармен де тығыз байланысты екенін көрсетеді. Республикалық тізімнен бөлек, жалпыұлттық маңызы бар қасиетті нысандарға: Қызылқала қалашығы, Оғыланды жеріндегі Бекет ата, Шопан ата, Ескі Бейнеу қорымы және Бекет-ата жерасты мешіті, Қараман ата, Масат ата, Шақпақ ата, Сұлтан-үпі жерасты мешіттері, Сисем ата қорымы, Т.Г. Шевченко мемориалды кешені, Отпан тау тарихи-мәдени кешені, Барақ Сатыбалдыұлы, Иса Тіленбайұлы, Досан Тәжіұлы, Балуанияз Мүсірепұлы кесенелері жатады. Қазіргі кезеңдегі Отпан тау мемориалдық кешенінің қалыптасуы киелі кеңістіктің жаңаша репрезентациялануын және оның ұлттық бірегейлікті қайта құрылымдаудағы рөлін айқындайды. Осылайша, Маңғыстаудың киелі нысандары әртүрлі тарихи кезеңдерде қалыптасқан, бірақ жады ландшафты аясында өзара байланысқан көпдеңгейлі мәдени құрылым ретінде сипатталады.

Бұл тарихи-мәдени маңызы бар киелі нысандар 2017 жылдан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жоба аясында зерделеніп тізімге алынған. Осы ретте Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы мекемесінің «Ескерткіштерді есепке алу және қорғау» бөлімінің маманы Қ.М. Бимағанбетовамен кездесу барысында алынған сұхбатқа сүйенсек, «жалпыұлттық тізімге енген орындар – бұл тұтас халықпен толықтай мойындалған, халық жиі зиярат жасайтын, тарихи-мәдени маңыздылығына және тарихи-сәулеттік құндылығына қарай, көпке мәлім болған жерлер». Киелі орындарды зерттеу, іріктеу кезінде халық арасында көптен таралған аңыз-әңгімелерді ескере отырып, тарихи деректермен, шежіремен байланыстылығын ғылыми сараптамалық топ дәйектеп қорытындылайды. Маманның баяндауынша, жобаның мақсаты ұмытылған тарихты, халық жадысын қайта жандандыру болғандықтан комиссияға келіп түскен барлық ұсыныстар қаралады. Осылайша жоба аясында халық естеліктерінің арқасында ұлттық тарихымыз жаңадан жазылып, қарастырылып жатыр. Түптеп келгенде, киелі жерлер субъективті бір адамның немесе мүдделі топтың шешімі арқылы таңдалмай, ортақ объективтік принцип және репрезентивтік заңдылық арқылы таңдалғандығы анықталды.

Маңғыстаудың киелі орындарының Қазақстанның басқа аймақтарынан ерекшелігі халық өз тәжірибесімен сұрыптап, әрқайсына өзіндік «міндет» жүктелуінде. Мысалы: Бекет ата – жалпыхалықтық тілектердің қабыл болатын ордасы, әмбебап орын, дерттен айықтырушы, үлкен сапарға шығарда, отбасына ауыртпалық түскенде, немесе рухани тыныштық іздегенде «Алдымен Бекет атаға барып ниет етейік» деп бастайды. Қараман ата – Маңғыстаулық қазақтар тарихында «Қараман атадағы анттасу» деген оқиғамен белгілі. Яғни, жастардың жаршысы, әділдік пен ақиқаттың, бейбіт шарттасу мен сөзге кепілдік берудің пірі ретінде рухани қолдаушы. Сұлтан Үпі – жергілікті халық бұл әулиені суда жүрген теңізшілер мен балықшылардың қамқоршысы деп санап, күн күркірегенде де осы әулиенің атын атап сыйынады. Аңыз әңгімелер бойынша Шопан ата – қойшы, шопандардың пірі, Құсшы ата – құстардың иесі, бүркітшілердің пірі, Бекдашы

маңындағы Дүлдүл ата – жылқышылардың пірі, Төлеген әулие – жауынгерлер мен ұзақ сапарға аттанушылардың пірі (Керелбаев және т.б., 2018).

Маңғыстау әулиелеріне тән тағы бір заңдылық – бір әулиеге зиярат ету үшін әуелі оған таяу жердегі екінші әулиеге соғып, тәу ету шарты туралы. Мысалы: Бекет атаға зиярат ету үшін Күйеу там – Шопан ата – Оғыланды – Бекет ата. Сисем атаға зиярат ету үшін, алдымен Әз-әулиеге бару керек. Баба Түктіге зиярат ету үшін «Шашты Әзіз» әулиеге (бір кісіні екі кісі деп тану) барып тәу ету шарт. Осындай ретті жосық Түрікмендерде де бар. Бұл жағдай туралы аңыздарда түсініктеме берілгенімен, шарттың түпкі реалды идеясы белгісіз болып отыр. Әзірге, осындай екі адамға зиярат етуді ежелгі «егіздер» мифімен және ұстазға деген құрметтілікпен байланыстыруға болады (Қондыбай, 2010).

Өңірдегі аймақтық бірліктің символына айналған нысан – Отпан тау мемориалдық кешені. Философ З. Наурызбаеваның зерттеуінше, жергілікті қауым ішінде белгілі бір маңызы бар ландшафт уақыт өте келе заман талабына сай әрқилы функционалды міндет атқарады. Мысалы, Отпан тауы: тарихи жадыда бұл тау шабуыл қаупін от жағу арқылы хабардар ететін қарауыл шыңы деп танылса, Кеңес дәуірінде әдеттегі географиялық нысан есептелген. Ал егемендіктен кейін 2007 жылы «Адай ата - Отпантау» мемориалдық кешені бой көтеріп жыл сайын Амал мерекесінде жалпыұлттық мәнге ие болып, күні бүгінге дейін «Бірлік оты» жағылады, жыл сайын от жағу құқығы бір адай руынан екіншісіне ауысып тұрады. Қазіргі таңда мемориалдық кешен жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын ғибадат орны, «естелік орны» болып табылады. Қазақ халқы бірлігінің жаңа дәстүрлерін қалыптастыру үшін Отпан тауда аламан бәйге, ақындар мүшәйрасы мен ұлттық ойындар өткізіледі. Сөйтіп рулық бірегейліктің киелі орындарын қалпына келтіру ұлттың, мемлекеттің құрылысына үйлесе кетіп, «қазақтардың өздеріне қайта оралуына» алғашқы қадам болды (Наурызбаева, URL). З. Наурызбаеваның басқа да еңбектерін саралай келе, оның «мәдени ландшафтты» мифология, тарих және арғы ата-бабалардың сол мекенде жасаған әдет-ғұрыптық әрекеттермен толығатын, арнайы функционалды міндет атқаратын кеңістік ретінде тұжырымдауын байқауға болады.

Жерасты мешіттері мәдени ландшафт ретінде

Маңғыстау Орталық Азиядағы ең күрделі әрі мағыналық қабаттарға бай мәдени ландшафтардың бірі. К. Зауэрдің (Зауэр, 1925) тұжырымында ландшафт мәдени мағыналардың медиаторы. Борлы жарқабақтар, құмды платолар, шөлді аңғарлар мен жер астындағы қуыстар, киелі нысандар табиғи бедерге еркін сіңіп кеткен географиялық жадтың табиғи негізін құрайды. Өңірдегі жерасты мешіттері табиғи рельефтерге үйлесімді. Олардың камераларының кіреберісі жартастың қалың қабатында жасырылған, ал сәулеттік құрылымы табиғи жарылымдар мен каверналардың бағытын қайталайды. Бұл мәдени мәннің негізгі элементтерінің бірі. Киелі кеңістік өзін күштен танытпайды, ол тек іздеуге, қозғалысқа және ішкі дайындыққа келген адамға ғана ашылады. Бұл оның құпиялығы немесе сиқырлығы іспеттес.

Жер асты мешіттері К. Норберг-Шульцтің (Schulz, 1980) орын рухы тұжырымының айқын көрінісі. Мұндағы болмыстық тереңдік атмосферадан да сезіледі. Жарықтың жұмсақ түсуі, тастың салқындығы, аяқ дыбысының жаңғырығы, хош иіс, тыныштық пен адамның даусының терең вибрациясы ерекше «осында болу» күйін жасайды. Бұл жерде жады денелік деңгейде өмір сүреді. Зияратшылардың жерасты мешітіне келгеннен

бастап тылсым күштің әсерін сезінуі, жазылған және жазылмаған рәсімдер мен ғибадаттарды орындауы орын рухының көрінісі болып табылады.

Т. Ингольд (Ingold, 2017) кеңістікті қозғалыс іздері мен өмірлік траекториялардан тұратын «сызықтар жиынтығы» деп сипаттайды. Маңғыстаудағы бұл сызықтар өте айқын, яғни зияратшылар жолы, шың етегіндегі соқпақтар, некропольдер мен әулиелі орындарды байланыстыратын бағыттар өңірдің мәдени қозғалыс желісін жасайды. Маңғыстау халық аузында «362 әулие мекені» деп аталады. Әрбір әулиенің кесенесіне зиярат ету жолы бар. Ол жолды кім салғаны нақты белгісіз. Дегенмен, жергілікті тұрғындардың нарративтеріне сүйенсек сопылық дәстүрден қалған жол. Кең тараған Бекет ата жерасты мешітіне салынған жол да ерекше. Бекет ата мешітіне бармас бұрын оның ұстазы Шопан ата мешітіне зиярет ету керек, содан кейін Бекет ата мешітіне бару қажет. Бұл Ингольдтің сызықтық жиынтық, рәсімделген жол теориясын дәлелдейді. Жерасты мешітіне әр сапар кеңістікте жаңа «жад сызығын» салады, ол кейін өңірдің жалпы ландшафтық өрнегіне қосылады.

М. Хальвакс (Хальбвакс, 2007) түсіндірген ұжымдық жад тұрғысынан алғанда жерасты мешіттері Маңғыстау мәдени жадындағы орталық нүктелер. Олар әулеттік тарихтармен, әулиелер туралы аңыздармен, ұрпақтан ұрпаққа берілетін киелі бағыттармен байланысты. Мұнда жады мәтіндер мен бейнелерде ғана емес, нақты жерлерде, жолдарда, рельефтерде нақты формаларында өмір сүреді. Маңғыстауда киелі нысандар жоғалып кетпей, посткеңестік кезеңде қайта жанданды. Олар ұлттық бағдарламаларда, цифрлық мәдениетте, туризм тәжірибесінде және күнделікті діни тәжірибелерде жаңа рөлге ие болуда.

Осылайша, Маңғыстау жадының күрделі сахнасы. Бұл сахнаның басты нысандары жерасты мешіттері. Олар табиғи геология мен терең мәдени нысандарды тоғыстырып тұр.

Бекет ата мешіті рухани және нышандық жадының орталығы

Бекет ата кешені Маңғыстаудың ең танымал, әрі көп баратын киелі орындардың бірі. Оның мәртебесі XVIII ғасырдағы жергілікті суфий орталығынан ұлттық рухани мұра нышанына дейін ғасырлар бойы қалыптасты. П. Бурдьенің (Бурдье, 2001) нышандық өріс теориясына сүйенсек, Бекет ата арнайы ережелері бар нышандық кеңістік. Зияратшылар бұл жерге тек бата алу үшін емес, осы кеңістікте жинақталған нышандық капиталға қатысу үшін келеді. Аңыз таратушылар, ақсақалдар, дәстүр сақтаушылар осы өрістің негізгі агенттері, олар кеңістікті түсіндіру және оған қатысты мінез-құлық нормаларын бекіту құзіретіне ие. Туристер тарихи-мәдени танымдық танысу үшін, сәулет өнерін тамашалау үшін келген күннің өзінде орын рухының әсерін сезініп, бойына сіңіріп қайтады. Бекет атаға турист ретінде бару үшін де ережеге сәйкес зиярат жолын орындауға міндетті. Бұл киелі орынның нышандық мәні. Келушілердің габитусы олардың жерасты кеңістігіне кіруінен, дұға оқуынан, әкелген сый-сияпаттарынан, киелі рухты сезініп отыруынан көрінеді. Бұлар сырттай қарағанда табиғи көрінгенімен, шын мәнінде тарихи-мәдени тәжірибе арқылы орныққан. Әулеттік дәстүрлер, әңгімелер және әлеуметтік нормалар арқылы берілген мінез-құлық үлгілері.

Я. Асманның жад теориясы (Асман, 2004) тұрғысынан Бекет ата діни культ шеңберімен шектелмейді. Бұл мәдени жадының медиаторы. Мұнда әңгімелер, мінез-құлық нормалары, суфийлік тәжірибелер, киелілік туралы нарративтер сақталып, ұрпақтан

ұрпаққа беріліп отырады. Мешітке апаратын жолда айтылатын әрбір әңгіме коммуникативтік жадының элементі ретінде тұрақты мәдени жадыға сіңеді. С. Қондыбайдың (Қондыбай, 2006, 2008) мифогеографиялық көзқарасында Бекет ата мешіті Маңғыстаудың киелі денесіндегі басты түйіндердің бірі. Ол көрші әулиелі орындармен ғана емес, табиғи нысандармен, некропольдермен, аңыздық кеңістіктермен байланысқан өңірдің нышандық «қақпасы». Ф. Мусатаеваның идеологиялық жады (Мусатаева, 2022) тұжырымдамасына сәйкес Бекет ата жерасты мешіті мемлекеттік бағдарламалар, фильмдер, туристік бағыттар, білім беру жобалары арқылы институционалданған киеліліктің жарқын көрінісі. Осылайша, Бекет ата жай ғана суфийлік мешіт емес, ол қозғалым, ғибадат, рәсім, миф, әулеттік тарих және ұлттық бірегейлік тоғысқан жады орталығы.

Бекет ата жерасты мешіті тарихи-мәдени, діни кешен әрі киелі орын ретінде әулие культімен байланысты ең маңызды зиярат орталығы. Зиярат тәжірибесі алдымен сый-сыяпат жасаудан басталады. Мешітке келушілер өздерімен бірге ас-ауқат, дәм-татым әкеледі немесе құрбандыққа арналған мал сатып алады. Мұның бәрі кешеннің қызметкерлеріне беріледі, ал олар келгендердің барлығына осы тағамдармен дастархан жайып, әрбір жанның әулетінің аруақтарына Құран оқиды. Мешітке кіру алдында келушілер міндетті түрде дәрет алады, оған арналған арнайы бөлмелер де қарастырылған. Мешітке келген адамдардың бәрі бір-біріне қызмет көрсетеді, себебі ол жерде арнайы қызметші жоқ. Әрбір адамның әкелген дәм-тұзы мен сый-сыяпаты бір-біріне үйлестіріледі. Бұл ертеден келе жатқан сый алмасу дәстүрінің көне бір мәдени тәжірибесінің бірі.

Шопан ата мешіті әулеттік жадының жанды мұрағаты

Шопан ата жерасты мешіті өңірдегі ең ірі мемориалдық кеңістіктердің бірі. Мешіт көптеген мазарлар, тамғалар, құлпытастар орналасқан кең алқаптың орталығында тұр. Хальбвакс (Хальбвакс, 2007) түсінігінде некрополь әулеттік желілер материалды түрде бекітілген ұжымдық жады кеңістігі. Мұнда әрбір құлпытас өз алдына бір белгі және әлеуметтік топографияның элементі. К. Медеуова (Медеуова, 2017) айтқандай, жад қабірді күту, дұға оқу, отбасы аңыздарын айту, ас беру рәсімдері мен тәжірибелері арқылы өндіріледі. С. Қондыбайдың мифогеографиясына сүйенетін болсақ Шопан ата малшылардың қамқоршысы туралы аңыздармен, көне топонимдермен байланысты. Дегенмен, халық арасында жүрген нарративтерге жүгінсек, Шопан ата мешітінің орналасқан жері Қожа Ахмет Яссауидің аса таяғының түскен жерімен байланысты. Халық арасында кең тараған аңыздардың бірі: Қожа Ахмет Яссауи өмірінің соңында мешіттің терезесінен өзінің асатаяғын лақтырып: «Кім маған асамды тауып әкелсе, соған Фатиха сүресін оқимын», - дейді екен. Шәкірттерінің ішінен тек Шопан ата ғана асатаяқтың батыста, Маңғыстауда, үлкен теңіз жағасында екенін айтады. Ұстазының батасын алған соң ол бірнеше ай жаяу жүріп, асыл бұйымды тауып алады. Аса таяқ ол жерде зәулім ағашқа айналғанын көреді. Шопан ата осы аймақта қалып, жергілікті халыққа ілім тарату арқылы он мыңдаған шәкірт тәрбиелейді. Бұл аңыз Шопан атаның көріпкелдігі мен Маңғыстаудың рухани кеңістігін Яссауи мектебімен байланыстыратын басты нышандық желі болып табылады.

Жалпы, Шопан атаның құдіреті туралы халық арасында аңыздар көп. Оның бойындағы қасиеті адамдардың рухани да, физикалық тұрғыданда емделуіне септігін тигіз-

ген. Сол себепті қазіргі таңда бұл жерге зиярат етушілер өте көп. Аймақтық деңгейде локалдық жад болса, республикалық деңгейде идеологиялық болып табылады.

Шақпақ ата және Сұлтан Үпі мешіті тереңдік пен ашықтық жадының екі моделі

Шақпақ ата жерасты мешіті табиғи және рухани сәулет синтезінің ерекше мысалы.

Шақпақ ата жерасты мешіті Д. Ізтілеудің сипаттауы бойынша, Каспий теңізінің Маңғыстау шығанағына жақын Хорезмнен Хазария мен Булгарияға баратын көне сауда жолының бойында орналасқан бірегей сәулет ескерткіші (Ізтілеу, 2017). Кешен жартастан қашалып жасалған құрылымымен ерекшеленеді. Мешіттің кіреберісі жел мен теңіз толқындары өңдеген тік жартас бетінде орналасқан. Ғибадатхананың ішкі жоспары крест тәрізді болып келеді. Орталықтағы алаңның төрт бұрышында жартастан ойылған бағаналар мен оларды біріктіретін аркалар бар. Кешеннің композициялық орталығында күмбез астындағы жарық түсетін дөңгелек орналасқан, ал қабырғаларында ертедегі араб әріптерімен Құран сүрелерінен үзінділер жазылған. Мешітке кіреберістің екі жағында жеті бөлме бар, оның алтауы мұсылман әулиелері мен Адай руының тұлғалары жерленген кесенелер, ал ең үлкені зияратшылардың түнеуіне арналған. Бүгін бұл нысан мемлекет қорғауындағы киелі орын. К. Норберг-Шульц (Schulz, 1980) тұжырымына сәйкес, Шақпақ ата мешіті орын рухы, бұл баяулықтың, әлеммен бірігу кеңістігі. Зияратшы мешіттің ішіне кіргенде сыртқы әлемнен ажырап, басқа тынысқа тап болады. Бұл дене мен ішкі дүние арқылы сезілетін құбылыс.

Сұлтан үпі жерасты мешіті ұлутастың берік қабаттары арасындағы табиғи қуысты шебер пайдалану арқылы жасалған ерекше орын (Калменов, Бижанова, Жалекенова, 2025). Халықтық шежіреде Сұлтан үпі Сүлеймен Бақырғанидың немересі ретінде сипатталады. Сұлтан үпі жерасты мешітінің басқа жерасты мешіттерден айырмашылығы, ол «өлілер қаласы» емес, яғни бұл кешенге ешқашан ешкім жерленген емес. Калменовтың деректеріне сүйенсек, бұл жерде Сұлтан үпінің де зираты орналаспаған. Сұлтан үпі мешіті ашықтықтың белгісі. Бұл жерде тылсым әлеммен байланысты емес адамдар шынайы әлемнің болмысымен жүздеседі. Ел арасында Сұлтан үпі су апатына ұшырағандардың жебеушісі және теңізшілердің қорғаны ретінде танымал. Зияратшылар бұл орынға «Сұлтан үпі пендеңді су апатынан сақтай көр» - деген ниетпен келген деген халық арасында аңыз бар. Сондықтан бұл мешіт теңіз жағалауындағы тіршілік пен су стихиясымен тығыз байланысты жады ландшафты екенін айғақтайды.

Шақпақ ата жерасты мешіті ұлутастың терең бөлігінде орналасса, Сұлтан үпі жерасты мешіті ашық кеңістікте орналасқанын аңғардық. Сондықтан да бұл ашықтық пен тереңдіктің екі моделі деп түсіндіреміз.

Қорытынды

Маңғыстаудың жерасты мешіттері табиғи бедер, киелі кеңістік, әулеттік тарих, мифтік нарративтер мен заманауи идеологиялық жобалар тоғысқан күрделі мәдени ландшафтың өзегін құрайтын феномен. Мақалада жерасты мешіттеріне мәдени жады түйіндері, «орын рухын» айқындайтын, қозғалыс пен рәсім арқылы үнемі қайта өндіріле отырып өмір сүретін жанды кеңістік ретінде қарастыруға талпыныс жасалды. К. Зауэрдің мәдени ландшафт туралы тұжырымдамасы Маңғыстау кеңістігінің ешқашан бейтарап бол-

мағанын, онда табиғи пішіндер мен адам әрекеті тұтас тарихи-мәдени матрица түзетінін көрсетті. Т. Ингольд ұсынған «рәсімделген әлем» «сызықтар жиынтығы» ретінде ландшафт ұғымы зиярат жолдарының, әулиеге баратын бағыттар мен жолдардың жад ландшафтына қалай айналатынын түсінуге мүмкіндік берді. П. Бурдьенің габитус және нышандық өріс категориялары Бекет ата, Шопан ата, Шақпақ ата, Сұлтан үпі мешіттеріндегі зиярат етушілердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін түсіндіреді. Зиярат етушілердің мешітке барғанда өздерін басқа әлемге түскендей сезінетінін анық.

Жерасты мешіттері – ол рух орындары. Олардың сырт әлемнен өзгеше энергетикасы бар екенін түсінеміз. Оның адам бойына беретін рухы ерекше. Жерасты мешіттеріндегі жазылған және жазылмаған ережелерге сәйкес орындалатын ғибадаттар мен рәсімдер ұжымдық және мәдени жады болып табылады. Маңғыстаудың киелі орындары археологиялық немесе сәулет ескерткіштер жиынтығы ғана емес, аңыз-әңгімелер, әдет-ғұрыптар мен мәдени-саяси репрезентациялар арқылы тоғысқан көпдеңгейлі жад ландшафты.

Жүргізілген талдау Маңғыстаудың жерасты мешіттері бірнеше өлшемде, яғни, діни ғибадат орны, әулеттік мемориал, мифтік кеңістік, ұлттық бірегейліктің нышаны мен мемлекеттік жад саясатының құралы ретінде түсіндірілді. Бекет ата кешені рухани және нышандық жадының орталығы, Шопан ата мешіті әулеттік жадының жанды мұрасы. Жалпы алғанда, Маңғыстаудың жерасты мешіттері ертеде қорғаныс және рухани дәстүр қызметін атқарған, сол себепті жергілікті тұрғындар үшін ол тарихи жад, зияратшылар үшін рухани жад.

Жергілікті халықтың ұжымдық естеліктерді реновациялау барысында естелік орындарының үстемдік ететіндігі (өз еріктерімен бару) анықталды. Киелі орындар кеңістігін неғұрлым символикалық мәнге толтырған сайын, оның жадыда соғұрлым үстемдік ететіні және рухани қорған ретінде қабылданатыны белгілі болды.

Жүргізілген талдау нәтижесінде Маңғыстау мәдени ландшафттарының негізгі функциялары – тарихи сабақтастықты сақтау, әлеуметтік-мәдени бірегейлікті күшейту, ұжымдық еске алу тәжірибесін жаңғырту және киелі кеңістікті қазіргі мәдени саясатпен ұштастыру болып табылатыны анықталды. Сонымен қатар өңірдегі мәдени ландшафттар тек ұлттық маңызы бар объектілермен шектелмей, халықаралық деңгейде танылуға бағытталған әлеуетке ие екені анықталды. Бұл бағытта ЮНЕСКО тізіміне ұсынылып отырған Маңғыстау ескерткіштері өңірдің жаһандық мәдени кеңістіктегі орнын одан әрі күшейтеді.

Зерттеу барысында алдағы зерттеулер үшін бірнеше әлеуетті бағыт айқындалды. Біріншіден, Маңғыстау киелі кеңістігін цифрлық картографиялау, GIS технологиялары арқылы «жад сызықтарын» жолдар торабын визуализациялау. Екіншіден, Маңғыстау ландшафтын Түркі әлеміндегі ұқсас киелі кеңістіктермен салыстырмалы зерттеу.

Осылайша, Маңғыстаудың жерасты мешіттерін жады ландшафтының күрделі түйіндері ретінде қарастыру мәдениеттанулық зерттеулерге жаңа теориялық және қолданбалы көзқарастар ашады. Бұл бағыттағы кейінгі жұмыстар аталған кеңістіктердің болашақтағы мәдени сценарийлерді қалыптастырудағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мақала «Маңғыстаудың жады ландшафттары: ұлттық брендтеу контекстіндегі киелі орындардың репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу аясында әзірленді.

Әдебиеттер

Байтанаев, Б.Ә. (2017) Қазақстанның киелі орындарының географиясы. //жалпы редакциясын басқарған: Б. Ә. Байтанаев; Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі, Ғылым комитеті; Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты; Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. – Алматы. – 903 б.

Rocky Mosques of Mangystau Peninsula. (2021) Paris: UNESCO. // [Electronic source] URL: <https://whc.unesco.org/en/tentativelists/6566/> (қаралған күні: 15.02.2026)

Ассман, Я. (2004). Культурная память: письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности. – Москва. – 368 с.

Нора, П., Озуф, М., де Пюимеж Ж. (1999). Франция – память / пер. с фр. – СПб. – 328 с.

Бурдые, П. (2001). Практический смысл / Пер. с фр.: А. Т. Бикбов, К. Д. Вознесенская, С. Н. Зенкин, Н. А. Шматко; Отв. ред. пер. и Послесл. Н. А. Шматко. – СПб.: Алетейя. – 562 с.

Ingold, T. (2017). Taking taskscape to task. // *Forms of dwelling*, 20. pp. 16-27.

Janowski, M., Ingold, T. (2016). *Imagining landscapes: Past, present and future*. – New York: Routledge. – 165 p.

Sauer, C. (1925). The morphology of landscape. // *University of California Publications in Geography*, 2(2), pp. 19–53.

Қондыбай, С. (2008). «Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» - Т.3. Алматы, «Арыс». – 149 б.

Керелбаев, С., Қосбармақов, Б., Құлбай, Н. (2018). «360 әулиелі Маңғыстау» Алматы. – 278 б.

Наурызбаева, З. (2018). Отпан-тау – Караульная гора эпохи глобализации? // [Электронный ресурс] URL: <http://otuken.kz/otpan/> (Қаралған күні: 17.11.2025).

Schulz, C. N. (1980). *Genius loci: Towards a phenomenology of architecture*. New York: Rizzoli, 17. pp. 22-23.

Мусатаева, Ф. М. (2022). Ұлытау ландшафтының мәдени символикасы. // Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. Тарих, Философия, Дінтану сериясы. - №2. – 199-217 бб.

Хальбвакс, М. (2007). Социальные рамки памяти. / пер. с фр. – Москва. – 348 с.

Медеуова, К и другие. (2017). Практики и места памяти в Казахстане. Коллективная монография. – Астана: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева. – 320 с.

Қондыбай, С. (2006). Маңғыстау-нама. – Алматы: Арыс. – 439 б.

Изтілеу, Д. (2017). Маңғыстаудың ертедегі жерасты мешіттері. // [Электрондық ресурс] URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/2192>

Калменов, М., Бижанова, А., Жалекенова, Г. (2025). Подземное культовое сооружение Султан-епа на полуострове Тупкараган. // *Turkic Studies Journal*. № 4. С. 89-117. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-89-117>

References

Baitanaev, B.Ә. (2017) Kazakstannyn kieli oryndarynyn geografijasy. //zhalpy redakciyasyn baskargan: B. Ә. Baitanaev; Kazakstan Respublikasy Bilim zhane Gylym ministrlygi, Gylym komiteti; Ә. H. Margulan atyndagy Arheologija instituty; Sh. Sh. Ualihanov atyndagy Tarih zhane etnologija instituty. – Almaty. – 903 b. [In Kazakh].

Rocky Mosques of Mangystau Peninsula. (2021) Paris: UNESCO. // [Electronic source] URL: <https://whc.unesco.org/en/tentativelists/6566/> (accessed: 15.02.2026)

Assman, Ja. (2004). Kul'turnaja pamjat': pis'mo, pamjat' o proshlom i politicheskaja identichnost' v vysokih kul'turah drevnosti. – Moskva. – 368 s. [In Russian].

Nora, P., Ozuf, M., de Pjuimezh Zh. (1999). Francija – pamjat' / per. s fr. – SPb. – 328 s. [In Russian].

Burd'e, P. (2001). Prakticheskij smysl / Per. s fr.: A. T. Bikbov, K. D. Voznesenskaja, S. N. Zenkin, N. A. Shmatko; Otv. red. per. i Poslesl. N. A. Shmatko. – SPb.: Aletejja. – 562 s. [In Russian].

Ingold, T. (2017). Taking taskscape to task. // *Forms of dwelling*, 20. pp. 16-27.

Janowski, M., Ingold, T. (2016). *Imagining landscapes: Past, present and future*. – New York: Routledge. – 165 p.

Sauer, C. (1925). The morphology of the landscape. // University of California Publications in Geography, 2(2), pp. 19–53.

Kondybay, S. (2008). «Mangystau geografijasy. Mangystau men Ystirttin kieli oryndary» - T.3. Almaty, «Arys». – 149 b.

Kerelbaev, S., Kosbarmakov, B., Kulbay, N. (2018). «360 əaulieli Mangystau» Almaty. – 278 b.

Nauryzbaeva, Z. (2018). Otpan-tau – Karaul'naja gora jepohi globalizacii? // [Electronic source] URL: <http://otuken.kz/otpan/> (accessed: 17.11.2025).

Schulz, C. N. (1980). Genius loci: Towards a phenomenology of architecture. New York: Rizzoli, 17. pp. 22-23.

Musataeva, F. M. (2022). Ulytau landshaftynyn мәдени символы. // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. - №2. – 199-217 bb.

Hal'bvaks, M. (2007). Social'nye ramki pamjati. / per. s fr. – Moskva. – 348 s.

Medeuova, K i drugie. (2017). Praktiki i mesta pamjati v Kazahstane. Kollektivnaja monografija. – Astana: ENU im.L.N.Gumileva. – 320 s.

Қондыбай, S. (2006). Mangystau-nama. – Almaty: Arys. – 439 b.

Iztileu, D. (2017). Mangystaudyn ertedegi zherasty meshitteri. // [Electronic source] URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/2192>

Kalmenov, M., Bizhanova, A., Zhalekenova, G. (2025). Podzemnoe kul'tovoe sooruzhenie Sultan-epe na poluostrove Turkaragan. // Turkic Studies Journal. № 4. S. 89-117. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-89-117>

Авторлардың үлесі.

Арашова Н.К. – мақала мәтінін жазу, негізгі бөлімнің кейстері бойынша мәліметтерді жинақтау, техникалық рәсімдеу.

Ермагамбетова К.С. – мақала мәтінінің теориялық, әдістер мен әдістемелік бөлімін жазу, зерттеу деректерін талдау.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors:

Набат Арашова – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан E-mail: nabat.arashova@yu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0005-8159-4502>

Набат Арашова – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: nabat.arashova@yu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0005-8159-4502>

Nabat Arashova – PhD doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: nabat.arashova@yu.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0005-8159-4502>

Қуралай Ермагамбетова – PhD, философия кафедрасының доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: quralai.sergabylyqzy@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1620-5794>

Қуралай Ермагамбетова – PhD, и. о. доцента кафедры философии, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: quralai.sergabylyqzy@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1620-5794>

Kuralay Yermagambetova – PhD, Associate Professor, Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: quralai.sergabylyqzy@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1620-5794>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 04.03.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 10.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026